

## **Вексельдік айналым туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 11 қазан 1994 ж. N 418-ө

Қазақстан Республикасы мен Россия Федерациясы кәсіпорындарының арасында вексельдік айналым ендіру және өзара есеп айырысуды жақсарту үшін:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне осы жылдың 15 қазанына дейін Аударатын және қарапайым вексельдер туралы Уақытша ережені және Қазақстан Республикасының резиденттер емес банктің вексельдерімен есеп айырысудың Уақытша тәртібін бекіту ұсынылсын.

2. Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Алматы қор биржасымен бірлесе отырып осы жылдың қазанына дейін қабылданған ереженің негізінде кәсіпорындарда вексельдермен операциялардың есебін жүргізудің және салық салудың тәртібін әзірлесін.

3. "Экибастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамына сынау тәртібімен " Угольбанк" өкіл банкі арқылы Тверьуниверсалбанктің вексельдерімен Россияның кәсіпорындарымен тиелген өнімдер үшін осы құжаттар әзірленгеннен кейін есеп айырысу жүргізуге рұқсат берілсін.

Премьер-министр